

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
АҚСУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
“ҮШТЕРЕК АУЫЛЫНЫҢ
ОРТА МЕКТЕБІ”

Коммунальное государственное учреждение
“СРЕДНЯЯ ШКОЛА СЕЛА УШТЕРЕК”
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКСУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 02 қыркүйек № 1-06/124

Мектеп формасы туралы

Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу – тәрбиелеу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына діни тәрбиелеудің зайырлы қағидаттарынан ауытқуға жол бермеуге сәйкес мектеп формасы енгізілсін.

2. Мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Түсі көк,бірыңғай түс гаммасында жасалды, классикалық стильде.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізілсін.

3. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

4. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

5. Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка,классикалық шалбар, жейде, (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

6. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

7. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық косюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады.

8. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері қосылған жоқ.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.К.Байкуатоваға жүктелсін.

Мектеп директоры

Г.Амирханова

Таныстым:Т.К.Байкуатова

